

# СТ 29

# Ceresit

## СЫЛАҚ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ТЕГІСТЕГІШІ

### Минералды негіздерді жөндеуге, сылауға және жұқа қабатты тегістеуге арналған цемент қоспасы

#### ҚАСИЕТТЕРІ

- минералдық негіздерге жоғары жабысқақтығы бар;
- құрамында арматуралағыш микроталшықтары бар;
- бу өткізбейді;
- атмосфераға төзімді;
- созымды және жұмыста ыңғайлы;
- сырлау үшін жарамды;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

#### ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 29 сылағы және жөндеу бітеуіші ғимараттар ішінде және сыртында қабырғалар мен төбелерде цемент-әк, цемент-құм, бетон және кірпіш негіздерді жөндеуге және тегістеуге арналған.

СТ 29 каверналарды, ойдымдарды, жарықтарды, түсіп кеткен сылақ учаскелерін толтыру үшін, сондай-ақ беттерді жұқа қабатты тегістеу және бір өтіп кем дегенде 20 мм қабат қалыңдығы кезінде сылақ жабындарын салу үшін қолданылады.

#### НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға, құрғақ және жеткілікті берік болуға тиіс. Негізді шаңсыздандырып бітеуіштің жабысқақтығын төмендететін заттардан (тұз дақтарынан, майлардан, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазарту керек. Беттің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет.

СТ 29 ерітінді қоспасын жағар алдында негізді молынан ылғалдандыру немесе СТ 17 астарымен өңдеу және 4-6 сағат ішінде кептіру керек. Қатты сіңіргіш негіздерді (мысалы, кеуек бетонды) екі рет астарлау керек, және бірінші рет - астарды 1:1 арақатынасында сумен сұйылту керек.

Сылау алдында кірпіш қалауларының ірі ақауларын, жарықтарын, бос тігістерін алдымен негізгі сылақ қабатын салуға дейін кем дегенде 2 тәулік бұрын СТ 29 сылақ қоспасымен толтыру керек.

#### ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Еріту судың мөлшерін талап етілетін консистенцияға және жағу шарттарына қарап таңдайды. Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығарып, суға аздап құяды. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәтінен бастап 1 сағат ішінде жұмсалыуға тиіс.



Материалмен жұмыс істеген кезде дәстүрлі тәсілдер мен құрал-саймандарды пайдаланады. Бір рет өтіп ерітінді қоспаны қалыңдығы  $\leq 20$  мм қабатпен жағуға болады.

Сырлау үшін жарамды жылтыр тегіс бетті алу үшін сылақты жаққаннан кейін 5-30 минут өткенде пластик жартылай үккіштің көмегімен тегістеу қажет.

СТ 225 немесе СТ 127 мәрелік бітеуіштерін, СТ 16 астарын, сәндік сылақтарды, сілтіге төзімді бояуларды (мысалы, СТ 54 силикат бояуын) жағуға, тұсқағаздарды желімдеуге сылақты салғаннан кейін кем дегенде 2 тәуліктен кейін кірісуге болады (қалыпты жағдайлар мен жақсы желдету болған кезде).

Сыртқы жұмыстар кезінде жөнделген немесе сыланған бетті (негізінен, ауа райы ыстық болғанда) тым жылдам кебуінен материал қататын мерзімі бойы суды ақырын шашу жолымен сақтандыру қажет.

Материалдың жаңа қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

#### ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың тұтыну және кебу уақыты өзгеруі мүмкін.

Сыртқы жұмыстарды орындаған кезде тікелей күн сәулелерінің, желдің және жауынның әсерінде болатын қасбет учаскелеріне сылақты жағуды болдырмау керек. Осы мақсатта құрылыс мінбесатыларды арнайы тормен немесе үлдірмен жабу, ал ғимаратта су ағыстарын орнату ұсынылады.

**Назар аударыңыз!** СТ 29 қоспасының құрамында арматуралағыш микроталшықтар бар және ерітінді қоспасының мол мөлшерін дайындаған кезде олардың біркелкі үлестіруіне қол жеткізуге тек саптамасы бар төменайналымды араластырғышты пайдаланған кезде ғана болады.

Henkel

Качество для Профессионалов

**Назар аударыңыз!** СТ 29 басқа заттар мен үстемелермен араластыруға болмайды.

Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күйін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Жұмыс кезінде жеке қорғану құралдарын (көзілдірікті, қолғапты) қолдану қажет. Қоспа кезге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

## ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа желіммен жұмыс істеген кезде ҚНЖЕ 3.04.01-87 басшылыққа алу керек.

Ceresit WM және VWS ғимараттардың қасбеттерін жылу оқшаулау жүйелерін жобалауды және монтаждауды СТО 58239148-001- 2006 ұйым стандартына сәйкес орындау керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

## САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

## ҚАПТАМА

СМ 29 құрғақ қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 29 құрамы:	минералдық толтырғыштары және полимерлік түрлендіргіштері бар цемент қоспасы
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,3 кг/дм <sup>3</sup>
Ерітінді қоспасының	~ 1,7 кг/дм <sup>3</sup>
Араластыратын судың мөлшері:	25 кг құрғақ қоспаға шамамен 4,75-5,25 л
Тұтыну уақыты:	~ 60 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°С дейін
Қабат қалыңдығы:	2-ден 20 мм-ге дейін
Қысымдауға беріктігі:	≥ 10,0 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі:	≥ 3,5 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 0,5 МПа
Аязға төзімділігі:	≥ 75 цикл
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70°С дейін
СТ 29 шығыны:	тегістеген және сылақтаған кезде қабаттың 1 мм қалыңдығына ~ 1,8 кг/м <sup>2</sup>  ақаулар мен жарықтарды толтырған кезде көлемнің ~ 1,8